

Талдықорған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 19 наурыздағы № 163 "Талдықорған қалалық мәслихаты аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 2-15 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 2 мамырда № 15-19 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Талдықорған қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Талдықорған қалалық мәслихаты "Талдықорған қалалық мәслихаты аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 19 наурыздағы № 163 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4617 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы

Т. Ахажан